



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№10 (1836)
9 сәуір
2022 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Интеллектуалды қуатымыз ел игілігіне жұмсалады

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары, жас ізденушілер!

Сіздерді 12 сәуір – Қазақстандағы Ғылым қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ата-бабаларымыз кез келген табыстың тек тынымсыз еңбек пен оқу арқылы келетінін дұрыс ұғынған. «Ғылым таппай мақтанба...» деп, ұрпақты ғылым, білімге үндеген ұлы Абайдың даналық ұстанымы бүгін де маңызын жойған жоқ. Бүгінгі өркениет өлшемін ғылым мен білімнің даму көрсеткішіне байланысты. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды қалыптастыруда, бәсекеге қабілетті қуатты экономика құруда ғылымның ықпалы зор болуы тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым саласы қызметкерлерін құттықтаған сөзінде: «Осы айтулы дата – Ғылым қызметкерлері күнінің аса көрнекті ғалым Қаныш Сәтбаевтың туған күнімен тұспа-тұс келуінің мәні зор. Перспективасы бар ғылыми зерттеулерді қолдау, ұлттымыздың зияткерлік әлеуетін арттыру – сөзсіз шешімін табуға тиісті стратегиялық міндет», – деп атап өтті. Ел



Президенті «Ғылымды дамыту Қазақстанның аса маңызды басымдығы болып қала беретінін» де басты назарда ұстап отыр. Сондықтан қазіргі уақытта біздің алдымызда ғылымды жаңа бағыттар бойынша дамытудың ауқымды міндеттері тұр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемдегі топ-200 үздік ЖОО қатарына енген Қазақстан мен Орталық Азиядағы жалғыз университет. QS әлемдік рейтингінде 175-орында. Университет ұлттық рейтингтерде де үнемі көш басында. Жас ғалымдардың ғылыми зерттеу бастамаларын гранттық қаржыландыруда ҚазҰУ ғылыми зерттеулер саны мен сапасы бойынша еліміздегі оқу орындарының арасында көш бастап келеді.

Әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ-да 29 ҚР ҰҒА академикті, 59 ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, 525 ғылым докторы, 891 ғылым кандидаты, 411 PhD докторы ғылым саласындағы ортақ мүдде үшін аянбай еңбек етуде.

ҚР Үкіметі жанындағы ғылыми-зерттеу комиссиясы анықтаған ғылымды дамытудың 10 басым бағытының ішінде ҚазҰУ жас ғалымдарының жобалары экономиканың нақты секторларына енгізу үшін перспективті деп танылды.

Бүгінде ҚазҰУ бірегей ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы бар ірі зияткерлік корпорацияға айналды. Өткен 2021 жылы университетте Технологияларды коммерцияландыру орталығы құрылды. Басты мақсат – университет пен бизнес арасында мазмұнды ынтымақтастық орнатып,

ғылымға қосымша инвестиция тарту.

Жаңа зертханалар қатарына Қан тамырлары патологиясы орталығы қосылды. Жерді қашықтықтан зондтау орталығы, цифрлық сауда алаңы форматындағы TOURISMKAZ мобильді қосымшасы да ерекше сұранысқа ие тың жобалар. Сондай-ақ фитохимия негізіндегі тағамдық қоспалардың шағын өндірісі ұйымдастырылуда.

Біз ғылымдағы әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, интеллектуалды қуат-күшімізді одан әрі жетілдіріп, ел игілігі жолында аянбай қызмет атқара береміз.

Құрметті әріптестер!

Баршамыздың ортақ мекеміз – Ғылым қызметкерлері күні құтты болсын! Өздеріңіздей ғалымдарымыздың ізденістері мен ғылыми жетістіктері арқылы университетіміз дамып, еліміз өркендей бермек. Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға береке, ғылым жолындағы еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Құрметпен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Бүгінде QS әлемдік рейтингінде 175-орынды иеленген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – әлемнің ең үздік 200 университеті қатарына кіретін жалғыз қазақстандық жоғары оқу орны. ҚазҰУ QS by Subject пәндік рейтингінде де қарқынды түрде алға жылжи бастады.

ҚазҰУ көшбасшылығын кезекті рет дәлелдеді



Бұл пәндік рейтингте университет екінші жыл қатарынан білім беру бағдарламаларын ілгерілету бойынша жоғары көрсеткішке қол жеткізіп отыр. 2021 жылы үздіктер тобына 11 даярлық бағыты кірген болса, биыл олардың саны 16-ға дейін өсті. Осылайша QS by Subject 2022-де ҚазҰУ өз көрсеткішін нығайта түсті. Атап айтқанда, «Заманауи тіл білімі» мамандарын даярлау бағытында кезекті рет тамаша нәтиже көрсетіп, әлемнің үздік университеттері арасында 60-орынға көтерілді. «Лингвистика» бағыты бойынша университет топ 101-150-ге енді, ал «Дінтану» және «Антропология» мамандықтары алғаш рет әлем бойынша топ 101-150 құрамынан көрінді. «Ағылшын тілі мен әдебиеті» және «Құқықтану» дайындық бағыттары топ 151-200 қатарында. Сондай-ақ «Археология» және «Философия» мамандықтары беделді халықаралық рейтингке биыл алғаш рет кіріп, 151-200 тобынан табылды, ал «Саясат және халықаралық зерттеулер» әлемдегі үздіктер арасында топ 201-220-ға енді. «Экономика және эконометрика» мен «Математика» – 251-300, «Физика және астрономия» 451-500 позициясына орналасты. Бұдан бөлек, өткен жылмен салыстырғанда ҚазҰУ ағымдағы жылы «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» пәні бойынша жалпы көрсеткішін жақсартып, 156-дан 145-орынға жоғарылады. Сонымен қатар «Жаратылыстану ғылымдары» және «Инженерлік ғылымдар» пәндері бойынша 451-500 тобындағы позициясын сақтап қалды. Нәтижесінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азия және посткеңестік аумақтағы өз көшбасшылығын кезекті рет дәлелдеді.

Қара шаңырақ ұжымын жоғары жетістігімен құттықтаймыз және алдағы уақытта да зор табыстар тілейміз!

Фараби форумы халықаралық деңгейге көтерілді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде I халықаралық Фараби форумы өтуде.

Ауқымды шара Екінші ұстаз атанған ғұлама ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен басталды. Оған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Өзбекстан Республикасының

Алматыдағы бас консулы Аброр Фатхуллаев және белгілі фарабитанушы ғалымдар, этномәдени орталық өкілдері қатысып, баба рухына тағзым етті.

Сонан соң жиылған көпшілік Әл-Фараби кітапханасындағы қазақстандық фарабитанушылар кітабы қойылған көрмені аралап, «Түркі халықтарының дәстүрлі құндылықтары» атты көркемсурет көрмесін тамашалады.



Жалғасы 5-бетте



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:
Ғылымды дамытуда зерттеу университеттерінің рөлі зор

2-3



ҚазҰУ-дың ғылыми көрсеткіштері

4



Нобелевский фестиваль во имя мира и инноваций в Казахстане

7

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен бекітілген қазақтың аса көрнекті ғалымы Қаныш Сәтбаев дүниеге келген 12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күні ретінде биыл 10-шы мәрте атап өтілуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ғылым саласын ұдайы дамытуға, келешегі зор ғылыми зерттеулерді қолдауға, ұлтымыздың зияткерлік әлеуетін арттыруға айрықша көңіл бөліп келеді. Оның ішінде ғылымды дамыту жөніндегі міндеттерді іске асыру үшін негізгі рөл зерттеу университеттеріне берілуі қажеттігін атап көрсетті. «Еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз», – деп, жоғары оқу орындарына жаңа міндеттер жүктеді. Жаңа Қазақстанды құруға бет бұрған білім ордалары үшін бұл кезек күттірмейтін мәселе.



зіндегі тағамдық қоспалардың шағын өндірісі ұйымдастырылуда. Әлемдік пандемия кезінде білім ордасының ғалымдары тұмау вирусына және корона-вирусқа қарсы табиғи тұнбалар жасап шығарды. Олар – дәрілік және қоректік өсімдіктерден тұратын баламасы жоқ биологиялық белсенді қоспалар. Мұндай өнімдердің өндірісі отандық нарықтан импорттық дәрілік заттарды ығыстыруға мүмкіндік береді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі ғылыми білім үдерісіне тоқталсақ, қазірдің өзінде жан-жақты зерттеулермен

Өйткені шетелдік тәжірибеге сүйенер болсақ, әлемдік деңгейдегі зерттеу университеттері білікті мамандар даярлаумен шектелмейді. Мұндай жоғары оқу орындары кең спектрлі ғылыми зерттеулерді іске асыруға және оларды экономиканың нақты секторына конвертациялауға маманданған. Қазіргі «цифрлық әлем» жағдайында жұмыс істейтін «инновациялық экожүйелерді» құру – заманауи ғылымды жаңғыртудың бірден-бір жолы.

Осы мақсатта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті іс жүзінде зерттеу университетінің моделін жүзеге асыра отырып, қоғам мен бизнес үшін пайдалы зерттеулер мен әзірлемелер ұсынуда. Бүгінгі таңда ҚазҰУ-дың ғылыми қызметін дамытудың негізгі векторы – келешегі зор жаңа ғылыми бағыттарды анықтау мен қолдау, пәнаралық және халықаралық қолданбалы зерттеу жобаларының өсуін қамтамасыз ету. Сондықтан тоқсан жылдық тарихы бар оқу орны еліміздің басқа университеттерінде теңдесі жоқ бірегей ғылыми-инновациялық инфрақұрылымды басқаратын ірі зияткерлік корпорацияға айналуға нақты қадамдар жасап отыр.

Университетте 16 факультет пен жаратылыстану бағытында 8 институт және 29 әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі ғылыми-зерттеу орталығы шоғырланған. Мұның барлығы кластерлік тәсіл негізінде «идеядан коммерцияландыруға дейінгі» тиімді технологиялық дәліз қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл орталықтарда 29 ҚР ҰҒА академигі, 59 ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, 525 ғылым докторы, 891 ғылым кандидаты, 411 PhD докторлары ғылым саласындағы ортақ мүдде үшін аянбай еңбек етуде.

Басты жаңалығымыз – өткен жылы Технологияларды коммерцияландыру орталығын құрдық. Нақты жоспарымыз – ғылыми жұмыстардың нәтижелерін жоғары технологияға және одан әрі өндіріске енгізу, инновациялық технологиялар құру және ғылыми әзірлемелерді нарыққа шығару. Орталық алдымен университеттің коммерциялық әлеуеті бар әзірлемелерін сарапқа салуда. Сонымен бірге мамандармен бірлесіп әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қаржыландыру көздерін қалыптастырады. Осы арқылы университет пен бизнес арасында мазмұнды ынтымақтастық орна-тып, ғылымға қосымша инвестиция тарту көзделуде.

Қазіргі таңда ҚазҰУ-да жүзеге асырылып жатқан коммерцияландыру жобалары аясында соңғы жылдары Дүниежүзілік Банк пен Ғылым Қорының гранты бойынша 2 млрд теңгеден астам қаражат тартқан инновациялық кәсіпорындар, стартап және спин-офф компаниялары іске

Жансейіт Қансейітұлы ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Ғылымды дамытуда зерттеу университеттерінің рөлі зор



қосылды, жоғары технологиялық өнімдердің шағын өндірісі жолға қойылды.

Мәселен, университетте энергия үнемдейтін нанобөлшектері бар газ разрядты шамдар өндірілуде. Нарықта кездесетін өзге де люминесцентті шамдарға қарағанда бір жарым есе артық жарық береді, ал құны балама түрлерімен салыстырғанда арзан. Мұндай шамдарды өндіру энергия тиімділігін арттыруға арналған технологиялар нарығында отандық өндірістің үлесін арттырмақ.

Сондай-ақ химия және жаңа материалдар саласындағы Nano-quick органикалық стимуляторлар өндірісі нарықта сұранысқа ие өнім болып отыр. Еліміздің ірі агроөнеркәсіптік кешен нысанындағы сынақ нәтижелері бұл стимулятор азық-түлік ретінде тұтынатын өсімдіктердің өсуін жылдамдатып және аурулар мен

зиянкестерден тиімді қорғайды.

Сонымен қатар университет ғалымдары натрий-иондық аккумуляторларды жасау бойынша жоба жасап шығарды. Бұл күн энергиясын жинақтаушылардың балама түрлерімен салыстырғанда 40 пайызға арзан. Бірақ қазіргі уақытта әлемде мұндай аккумуляторларды дайындайтын бірде-бір ірі өндіріс орны жоқ. Бұл кәсіпкерлер үшін осы нарықты игеруге тамаша мүмкіндік болмақ. Осындай инновациялық шешімдер үлкен станциялардың шығынын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы ұсынған «Он ұлттық жоба» аясындағы басым бағыттардың бірі – «Дені сау ұлттың әрбір азаматына сапалы және қолжетімді медициналық көмек көрсету». Осы тапсырма аясында ҚазҰУ-да 2021 жылы дәрілік заттарды, құрылғыларды және әдістерді жасауда қолданба-



лы зерттеулерді дамыту мақсатында Қан тамырлары патологиясы орталығы құрылды.

Орталық ғалымдары артериялық тамырлардың атеросклеротикалық зақымдануы, сондай-ақ веноздық жүйе аурулары проблемасын ғылыми-техникалық және тәжірибелік зерттеулермен айналысады. Орталық мамандары әзірлеген құрылғылар болашақта стенттерді нарықтан толығымен ығыстырады. Сонымен қатар жүрек, ми, аяқ-қол артериялары, бүйрек сияқты мүшелердің қан тамырларында стенттеу және ашық тәсілмен жасалатын шунттау секілді ауыр операциялардың алдын алуға септігін тигізеді деген ойдамыз.

Сондай-ақ орталықта COVID-19 вирустарын жоюға арналған жеке портативті құрылғы әзірленіп, патенттелді. Ол науқастың демінен бөлінген ауадағы COVID-19 вирустарының тікелей таралуын жояды. Басқа да респираторлық инфекциялардың келесі адамға жұқтыру қаупін болдырмайды. Жеке портативті камерада 30-60 секунд ішінде атмосфераға COVID-19 вирустарынан зарарсыздандырылған ауа шығады. Құрылғының дизайны ықшам және қолдануға ыңғайлы. Әрі қоғамдық орындарда өзімен бірге алып жүруге мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, бұл экономикаға ауыр соққы болатын әртүрлі әлеуметтік шектеулерден бас тартып, пандемияның алдын алу үшін ең тиімді, арзан әрі қолжетімді тәсіл.

Сондай-ақ фитохимия негі-

сабақтастыра отырып, зерттеу университетіне тән деңгейде жүргізіп келеді. Оның дәлелі – оқу ордасындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер мен талдаулардың саны мен сапасының жоғары көрсеткіштері. Оған салалық бағдарламалар аясында және шетелдік әріптестермен бірлесе жасалған халықаралық ғылыми-техникалық жобаларды жатқызуға болады.

Атап айтқанда, университетіміздегі Жерді қашықтықтан зондтау орталығы Қытай ғылым академиясына қарасты Аэроғарыштық зерттеулер институтымен және SuperMap компаниясымен серіктестік орнату арқылы геоақпараттық өнімдер ұсынып отыр. Орталықта Қытай ғылым академиясына тиесілі SatSee виртуалды станциясы реалды режимде жұмыс істейді. Осы арқылы QuickLook режимінде қытайлық бес жасанды жер серігінен, сондай-ақ АҚШ-тың Landsat ғарыштық аппаратына ұшу траекториясын бақылай отырып, қажетті аумақтың ғарыштан түсірілген кескіндерін алады.

Осылайша ҚазҰУ-да ел экономикасының көптеген салаларына едәуір өзгерістер енгізуге ықпал ететін сараптамалар жасалуда. Мысалы, ауыл шаруашылығы, құрылыс, төтенше жағдайлар, экология, қоршаған ортаны қорғау және жұк тасымалы секілді салалар үшін аса тиімді. Әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болуын осы секілді инновациялық ғылыми өнімдер тікелей жол ашады.

Сардоба суқоймасы жарылған



кезде Жерді қашықтықтан зондтау орталығының мамандары шетелдік әріптестермен бірге оперативті түрде төтенше жағдайға тап болған аумақты саралады. Нәтижесінде GF-3 деп аталатын жасанды жер серігінің ғарыштық суреттері негізінде қай елді мекендерді су басып қалғаны қысқа мерзімде анықталды.

Риддер қаласы маңында болған орман өрті кезінде ҚазҰУ мамандары ғарыштық технологиялардың көмегімен апат салдарын саралап шыққан болатын. Осы кезде Жерді қашықтықтан зондтау орталығының қызметі төтенше жағдайлар, техникалық апаттар мен климаттық катаклизмдердің салдарын жылдам сараптауға болатынын дәлелдеп берді. Бұл тиісті құрылымдар мен облыстық әкімдіктердің қызметін едәуір жеңілдететіні сөзсіз.

Университеттегі әртүрлі саладағы геоақпараттық өнімдер мұнымен шектелмейді. Мәселен, қазіргі технологиялық тренд – цифрлық сауда алаңы форматындағы TOURISM.KAZ мобильді қосымшасын ерекше атап көрсетуге болады. Бұл – еліміздегі туристерге де, туристік қызмет субъектілеріне де тиімді тұңғыш платформа. Мұнда отандық және шетелдік туристер өз бюджетіне лайық кез келген турды сатып ала алады әрі қонақуына тікелей тапсырыс беру мүмкіндігі қарастырылған. Одан бөлек, платформаға тіркелген туристік нысандармен онлайн режимде карта арқылы танысып, панорамалық 3D суреттерін көруге және QR кодын сканерлеп, осы объект туралы қызықты мәліметтер алуға болады.

Сонымен бірге ел дамуының «Он ұлттық басымдығы» мен бизнестің келісімшарт негізіндегі тапсырыстары бойынша жүргізіліп отырған іргелі және қолданбалы зерттеулер оқу орнының әлеуетін нығайта түсуде. Осы тұста университеттің барлық ғылыми-техникалық жобалары конкурстық негізде қаржылық қолдау табатынын ескерген жөн. Осылайша 2021 жылы жандан құрылған ғылыми шығармашылық ұжымдар Президентіміз Қ.Тоқаев бекіткен «Он ұлттық жоба» аясында 330-дан астам ғылыми жобаны жүзеге асырды.

Бүгінде гранттық негізде қаржыландырылатын мемлекеттік ғылыми жұмыстардың 14 пайызы университет ғалымдарына тиесілі. Бұл жобалар нейроғылым, креативті индустрия, цифрлық экономика, экологиялық инжиниринг, цифрлық технологиялар, басқарудың интеллектуалды жүйелері, наноматериалдар және нанохимия салаларын қамтиды. Университетіміздегі Деректерді талдау және өңдеу орталығы, Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертханасы, Биология және биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институты және



басқа зерттеу орталықтары ғаламдық өзгерістерді ескере келе, осы бағыттар бойынша жаңа жобалар ұсынды.

Атап айтқанда, ҚазҰУ-дың IT мамандары Эл-Фараби Open Source шешімдер базасында әзірлеген Jinalys Room веб-қосымшасы. Бұл – онлайн режимдегі конференциялар, кеңестер, баяндамалар жүйесінің функциялары бар отандық бейнеконференциялық байланыс сервисі. Пандемия кезінде экономиканың барлық саласы үшін бейнеконференциялық байланыс қызметтері қажеттілікке айналғанын білеміз. Осы тұста университеттің жас мамандары «сұранысқа – ұсыныс» принципімен тиімді бизнес-құрал әзірлеп шығарды. Университеттің IT саласындағы үздік жобалары бұл ғана емес.

Бүгінгі таңда «әлеуметтік желілерді бақылау» (Social Listening) және контент-талдау технологиялары танымал. Бұл қызметтер негізінен ағылшын тілінде құрылған лингвистикалық сөздіктерге сүйенеді. Бірақ қазақ және орыс тілдеріне нашар бейімделген. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында білім ордасының Деректерді талдау және өңдеу орталығы Opinion Monitoring System жобасын жасап шықты. OMSystem жүйесінің басты артықшылығы – қазақ тіліндегі деректерді өңдей алады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, университетіміз ғылыми әлеуетін пайдаланып, экономиканың түрлі салаларында қордаланған мәселелерді шешуді көздейді. Мәселен, Ғылыми-технологиялық паркте қазіргі таңда Hermetia Illucens деп аталатын шыбындардан агросекторға өте тиімді өнімдер дайындау жолға қойылған. «Қара сарбаз» деп аталатын бұл шыбынның дернәсілдері органикалық қалдықтарды құнарлы тыңайтқышқа айналдырады. Сондай-ақ ақуызға бай мал азығын дайындауға таптырмас дүние. Бұл – әлем ғалымдарын алаңдатып отырған азық-түлік қауіпсіздігі мен экологиялық мәселелерді шешудің балама жолы.

ҚазҰУ ғалымдары ұсынған осы тектес жобаның бірі – аква-

культурадағы бекіретуқымдас балықтарды бактериялық аурулардан қорғайтын препарат. Жобаның басты зерттеу объектісі саналатын эндолизиндерді ғалымдар антибиотиктерге балама ретінде пайдалануға болатынын дәлелдеді.

Осындай жоғары сапалы ғылыми зерттеулер жүргізу – «инновациялық дәлізді» жүзеге асырудың алғашқы және маңызды кезеңі.

Қазіргі уақытта көптеген шетелдік инновациялық компаниялар мен алдыңғы қатарлы университеттер ғылыми-білім беру және коммерциялық наноспутниктерді әзірлеумен және нәрумен айналысуда. Осы мақсатта 2018 жылдың 4 желтоқсанында ҚазҰУ-дың «Al-Farabi-2» екінші наноспутникті күн-синхронды орбитаға шығарылды. Наноспутникті Илон Масктың атақты SpaceX компаниясы ұшырды. «Al-Farabi-2» наноспутникті қазіргі таңда өзінің технологиялық және ғылыми миссиясы бойынша жұмысын ғарышта жалғастыруда.

ҚазҰУ ғарыштық техника және технологияларды әзірлеу бойынша ұлттық ғылыми мектеп құрудан да шет қалмады. Осы бағытта оқушылар мен студенттерді ғарыш аппараттарын әзірлеу, жобалау, құрастыру, сынау және пайдалану негіздеріне оқытуға арналған «ALFASAT» шағын жасанды жер серіктерінің инновациялық конструкторларын ұсынылып отыр. Конструктормен жұмыс істеу кезінде оқушылар кәсіби дағдыларын ғана емес, адами қабілеттерін де шындық түспек.

Оқу ордасындағы инновациялық жобалардың бірі жалпы және кәсіби білім беретін мекемелердегі оқу бағдарламасының тиімділігін арттыруға бағытталып отыр. Физика курсы бойынша электр және магнетизм құбылыстарын зерттеуге арналған мобильді аппараттық-бағдарламалық кешен соның дәлелі. Физикалық заңдылықтарға сүйеніп, 20-дан астам зертханалық жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік беретін қондырғының артықшылықтары жетерлік. Құрылғы шағын шабадан



түрінде жасалғандықтан, өте ықпал әрі қауіпсіз. Сонымен қатар электр тоғына жалғанбай-ақ 12В батареямен жұмыс істейді.

Университеттің осы тектес қолжетімді және қолдануға ыңғайлы инновациялық әзірлемелері сынақтан өткізіліп, кең ауқымды өндіріске сақадай сай. ҚазҰУ-дың зияткерлік меншігіндегі инновациялық әзірлемелері ғалымдарға да, бизнес өкілдеріне де таптырмас табыс көзі болары анық.

Қорыта айтқанда, ғылым – бұл халықаралық ұғым. Оның тұжырымдамасы инновациялық идеялар нарығын басқаратын, шекаралар мен мемлекеттерге бағынбайтын идеяларға негізделген. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, университеттің институттың, кейде тіпті мемлекеттің ғылыми жетістіктеріне үш негізгі фактор алғышарт болады. Біріншісі – бір мүддеге жұмыс істейтін талантты ғылыми-шығармашылық ұжым, екіншісі – икемді басқару жүйесі, соңғысы – оқыту мен зерттеулер жүргізу үшін барынша жағдай жасау. Сондықтан ҚазҰУ үшін халықаралық ғылыми қоғамдастықпен тығыз байланыс орнату аса маңызды.

Жаратылыстану саласындағы заманауи ғылыми жобалар көбінесе ауқымды және қымбат инфрақұрылымды қажет етеді. Сондықтан ҚазҰУ үшін жаһандық ғылыми аренада көптеген ұйымдармен ынтымақтастық орнату тиімді. Мұндай өзара екіжақты байланыстар ғылыми білімді одан әрі ілгерілететін идеялардың жүзеге асуына ықпал етпек.

ҚазҰУ-да ғылыми кадрларды даярлаудың біртұтас тиімді жүйесі қалыптасқан. Бұл әртараптандырылған экономикаға көшуді мақсат еткен ел үшін өте өзекті. Оқу орнында жүзеге асырылып жатқан таланттарды тарту мен ғылыми кадрларды даярлаудың негізгі тетігі – постдокторантура бағдарламасы.

Сондай-ақ университетте өткізілетін ғылыми зерттеулер нәтижелілігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – ғалымдар мен профессор-оқытушылар құрамының рейтингтік халықаралық

басылымдарда белсенді түрде ғылыми мақалаларының жариялануы. Өткен жылы Scopus деректер базасында жарық көрген қазақстандық ғалымдар жарияланымдарының 21 пайызы ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі. Соңғы бес жылда университет ғалымдарынан дәйексөз келтіру саны үш есеге жуық өсті. Сонымен бірге Web of Science халықаралық деректер базасына университеттің жеті ғылыми журналы енгізілді. Ең жоғарғы Q1 квартильіндегі журналдарда жарияланған қазақстандық мақалалардың арасында ҚазҰУ-дың үлесі 28 пайызды құрайды.

Университетте студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары сапалы жаңа деңгейге қойылған. Он мыңға жуық студент, магистрант мен докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға қатысады. Жастар мұнымен ғана шектелмей, өздерінің кәсіпкерлік бастамаларын бүтіннен бастап бизнес-инкубаторлар құру арқылы жүзеге асыруда. Осылайша студенттер болашақта жұмыс орындарын және өздерінің инновациялық кәсіпорындарын құруға алғашқы қадамдарын жасайды.


Студенттік бизнес инкубаторлар шеңберінде IT-технологиялар, робототехника, балалық энергетика, биотехнология және биомедицина, маркетинг, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар сияқты ғылымды дамытудың өзекті бағыттары бойынша 70-тен астам инновациялық жоба іске асырылуда. Нәтижесінде жоғары оқу орнының студенттері кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыра отырып, жұмыс орындарын, стартаптарды және ноу-хау-технологияларын бар өз кәсіпорындарын құруды үйренуде.

Жыл басында ҚазҰУ мен «Ғылым Ордасының» 19 ғылыми зерттеу институттарымен меморандумға қол қойды. Бұл өз кезегінде университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары арасында білім және ғылым ықпалдастығын нығайтады.

Қазіргі таңда Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін зерттеу университетіне трансформациялауға бағытталған инвестициялық жоба сараптамадан өтуде. Осыған сәйкес, Al-Farabi SciTech Center орталығын ашу арқылы университеттің «Жаңа инновациялық экожүйесін» қалыптастыру көзделіп отыр. Бұл ғылыми-технологиялар орталығының инфрақұрылымын түрлі саланың ғалымдары бірлесіп пайдалануға бағытталады. Мұның бәрі жаңа Қазақстанды құру аясында жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Әрі ғылыми-инновациялық қызметті корпоративтік басқарудың тиімді моделін құру арқылы университеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етпек.



ҚазҰУ-дың ҒЫЛЫМИ КӨРСЕТКІШТЕРІ



ЕЛІМІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ҚАЗҰУ-ДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҮЛЕСІН АРТТЫРУ

- ҚазҰУ-дың 2025 жылға дейінгі Жаңа ғылыми-инновациялық Экожүйесі шеңберінде өлемдік деңгейдегі 7 ғылыми-білім беру орталықтарын құру
- 2025 жылға қарай ҚазҰУ-дың аспаптық базасын 2020 ж. салыстырғанда 20% дейін жаңарту
- 2025 жылға қарай гранттық ҒЗЖ және ТҚЖ қаржыландыру көлемін 2020 ж. салыстырғанда 50% - ға ұлғайту
- 2025 жылға қарай ҒЗТҚЖ түскен бюджеттен тыс қаржы көлемін 2020 ж. салыстырғанда 3 есе арттыру
- Ғылыми-техникалық және сараптамалық-талдау қызметтерін көрсету бойынша шаруашылық есеп қызметін дамыту.

- ОПҚ-ның кемінде 60% ҒЗТҚЖ-ны іске асыруға қатысады, жылына 10% - ға артады.
- 2025 жылға қарай ҚазҰУ магистратурасы мен докторантурасында білім алушылардың үлесі кемінде 20%. Адами капиталды дамыту
- 2025 жылға қарай Q1 және Q2 кварталды халықаралық журналдарда 1000 мақала
- 2025 жылға қарай Халықаралық WoS, Scopus ДҚ индекстелетін ҚазҰУ-дың 15 ғылыми журналдары
- 2025 жылға қарай патенттер мен авторлық құқықтарды тіркеуге 1000 өтім, 200 өтімге 2 патент, 10 халықаралық патент

- 2025 жылға қарай кемінде 20 Spin-Off компания құру арқылы 20 ҒЗТҚЖ нәтижелерін экономиканың нақты секторына ендіру
- Елдің ұлттық жобаларын іске асыруға, сондай-ақ экономика салаларының жаһандық міндеттерін шешуге қатысу.
- 5 технология трансферті. Бизнес идеялар мен стартаптарды қолдау.
- Өңірлік «KazNU Creative HUB» құру және креативті индустрия бойынша жобаларды іске асыру



«Қазселденқорғау» ММ-мен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою, 23 маусым 2021 жыл

Кездесу қорытындысы бойынша «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ Басқарма төрағасы – ректоры Ж. Түйебаев және ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ төрағасы К. Көкрекбаевтен Төтенше жағдайлар кезінде ғылыми-зерттеу жұмыстары және табиғи-техногендік тәуекелдер саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

Қазіргі уақытта жасалған меморандум аясында ҚазҰУ Жерді қашықтықтан зондау орталығы ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ-мен бірлесіп «2020-2022 ж. селді, көшкінді және көшкін қауіпсіздігін қамтамасыз етудің Кешенді жоспары» жобасын жүзеге асыруда.

ҚР Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетовтің 2021 жылғы 12 наурыздағы сапары

Сапар аясында ҚазҰУ ғалымдарының инновациялық әзірлемелерінің көрмесі ұйымдастырылды. Қазіргі уақытта ұсынылған әзірлемелер «Ғылым қоры» АҚ «Өнертабыс Питчі» және ҚазҰУ коммерцияландыру кеңсесінің жұмысы шеңберінде сараптамалық талдау рәсімінен өтуде (кекесіндері тағамдық машиналық түрлі құрамында күкірт бар препаратты алудың жаңа технологиясы, вирусқа қарсы мұлти-табиғи қоспа, "Golden Fly" құрама жемі, ауаның ластану деңгейін өлшеуге арналған аспап және т.б.).

Студенттік Start-up компаниялар

Университеттің СБИ шеңберінде студенттік старт-ап компаниялар құрылды

- Alfasat
- RobotABC
- БИОЛаборатория «АНВ»
- "Stardust Crusaders"
- Адаптивті заряд басқару жүйесінің прототипі
- Депрессиялық жағдайды диагностикалау белгілері
- "Creative Jastar"

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жас ғалымдарының үздік жобалары

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ механика-математика факультетінің «TechnoRIM» командасы «Цифрлық Қазақстан» және «Рухани жаңғыру» бағдарламаларын дамыту аясында, ҚР Тұңғыш Президенті күніне және Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған «ETU ROBOCON 2021» жоғары оқу орындары арасында робототехникадан II республикалық чемпионаттың қорытындысы бойынша III-ші орынға ие болды.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ механика-математика факультетінің 1 курс магистранты Әзіл Заманбек «Ақылды жылжымай» жобасымен 2021 жылдың 29 қазанында Алматы қаласының Жастар саясатын дамыту мемлекеттік Қоры Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы мен білім басқармасының қолдауымен ұйымдастырған «IPGrade» инновациялық идеялар көрмесінде III-ші орынды иеленді

2021 жылдың 4 қазанында «Қаржы және есеп» кафедрасының «Stardust Crusaders» командасы «Қоршаған ортаны қорғау/Экология» бағыты бойынша қуатты электроника, электр машиналары, машиналар, компьютерлер және т. б. үшін батареялар мен аккумуляторлардың бағасын төмендету және қайта өңдеудің жабық циклын құру бойынша жобасымен «Шелл Қазақстан» компаниясы мен «KAZENERGY» Қауымдастығы ұйымдастырған және энергетика саласындағы инновациялық идеяларды дамытуды қолдауға бағытталған «Student Energy Challenge» интеллектуалдық командалық байқауының финалына өтті.

Фараби форумы халықаралық деңгейге көтерілді



Соңы. Басы 1-бетте

Арнайы дайындалған «Өркеніет шырақшысы» деректі фильмі ұлы ұстаз жайлы құнды мағлұматтар легін толықтыра түсті.

Биыл тұңғыш рет халықаралық деңгейде ұйымдастырылып отырған Фараби форумын білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашты. «Әл-Фараби феномені – шын мәнінде теңдесі жоқ құбылыс. Әл-Фараби – ұлы ойшыл ғана емес, ол – адамзаттың рухани өрлеуіне ықпал еткен планетарлық деңгейдегі ғұлама ғалым. Бүгінгі форумын тарихи миссиясы – Фараби ілімі арқылы жастардың ой-өрісін кеңейту. Тарихи және

заманауи құндылықтарды тоғыстыру арқылы фарабитанудағы жаңа бағыттарды дамыту, Фараби ілімін жан-жақты, сала-салаға бөліп талқылау», – деп атап өтті ректор.

Жиында сөз алған Өзбекстан Республикасының Алматыдағы бас консулы Аброр Фатхуллаев та ғалымның баға жетпес бай мұрасының жалпыадамзаттық маңызын сөз етті. «Ұлы әл-Фараби өз заманында барлық ғылым салаларына үлкен үлес қосты. Ортағасырлық ойшылдардан алғашқы болып әлеуметтік өмір құрылымының ерекшеліктері туралы ілімнің негізін қалады. Ол шын мәнінде әлем адамы болды, түрлі рухани құндылықтарды біріктірді», – дей келе, бас консул ұлы

баба мұрасын ұлықтаған алқалы жиын үшін университет басшылығына алғысын жеткізді.

Сондай-ақ форумның ашылуында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия кафедрасының профессоры, Әл-Фараби орталығының ғылыми кеңесшісі Жақыпбек Алтаев, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері Наталья Сейтахметова, қоғам қайраткері Асылы Осман, «Ахысқа» түрік этномәдени орталығы ҚБ Алматы қалалық филиалы төрағасының орынбасары Қазақбай Қасымов, Түрікмен қоғамдық-мәдени орталығының төрайымы Гүлнар Аннакулиева және өзге де қонақтар ой бөлісті. Олар ұлы баба мұрасының ұлағатын тілге тиек ете отырып, әл-Фараби еңбектерінде байыпталған әлеуметтік-философиялық көзқарастардың негізгі идеяларын, түркі халықтарының рухани дәстүрлерінің қазақстандық мәдениеттің дамуындағы маңызын және олардың әлемдік философиялық ойдың, ғылымның даму үрдістеріне тигізген ықпалын талқылады.

Фараби форумының ашылу салтанаты «Әл-Фараби және түркі халықтарының рухани дәстүрлері» атты халықаралық конференциямен жалғасты. Оған отандық және шетелдік белгілі фарабитанушы ғалымдар, оқытушылар мен білім алушы жастар қатысуда.

Халықаралық форум аясында бірнеше ғылыми конференция, семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізу жоспарланған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде филология ғылымының докторы, профессор Талғат Сайрамбаевтың 85 жылдығына арналған «Қазақ тілі грамматикасының қазіргі даму парадигмалары және оқытудың инновациялық технологиялары» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өтті.

Профессор Т.Сайрамбаевтың 85 жылдығы атап өтілді



Шараға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, оқытушы-профессорлар құрамы, студент жастар және Талғат Сайрамбаевтың жары мен шәкірттері қатысты.

Жиында сөз сөйлеген білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев конференция жұмысына сәттілік тілеп, Талғат Сайрамбаевтың қазақ тілін терең зерттеп, дамытудағы атқарған жұмыстарына тоқталды.

«Талғат Сайрамбайұлы өмірінің ұзақ жылдарын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткізді. Оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі болды. Қазақ тілі мен түркі тілдерінің Ғылыми диссертациялық кеңесін басқарып, білікті мамандарды даярлауға үлес қосты. Ғалым сөз тіркесінің құрылы-

сын, құрамын, мағынасын айқындап, күрделі сөз тіркесінің құрылысы туралы ғылыми тұжырымдар жасады. Қазақ тіл білімінде алғаш рет есімді және етістікті күрделі сөз тіркестерінің басты ерекшеліктерін анықтап, зерттеді», – деді Жансейіт Түймебаев.

Конференция аясында «Ғиبراتты ғұмыр» сериясымен басылып шыққан Талғат Сайрамбайұлының шығармашылығына арналған кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті.

Айта кетейік, Талғат Сайрамбаев 230-дан астам ғылыми мақаланың, 12 монографияның, 15-тен астам оқулықтың авторы. Оның ғылыми жетекшілігімен 38 кандидаттық және 3 докторлық диссертация қорғалды. Оның қазақ тілінің синтаксисі мәселелеріне қатысты 180-нен астам ғылыми еңбегі басылып шықты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Almaty Management University (AlmaU) негізін қалаушы және президенті, іскерлік әкімшілендіру докторы, белгілі меценат, ҚазҰУ түлегі Асылбек Қожахметов «Білім, көшбасшылық және кәсіпкерлік: не маңызды?» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Табысты кәсіпкер тәжірибесімен бөлісті



Асылбек Қожахметов дәрісте сапалы білім беру, көшбасшылық қасиеттерді дамыту және жетілдіру, сыни және стратегиялық ойлау мәселелеріне егжей-тегжейлі тоқталды.

Спикер өз сөзінде ҚазҰУ ұжымында ұзақ жылдар еңбек еткен тәжірибесімен бөлісіп, университеттің негізгі мақсаты жастарды оқыту ғана емес, елдегі экономика мен қоғамның дамуына әсер ету екенін айтты. Яғни білім ордасын аяқтаған студент білікті және білімді маман болып шығуы қажет екенін жеткізді. Сонымен қатар әр адам өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруы керек екенін баса айтты.

Асылбек Базарбайұлы университетіміздің механика және қолданбалы математика факультетінің түлегі. Ол Германия, Франция, Ұлыбритания, Бельгия, Голландия, Венгрия, Эстония елдерінде менеджмент бойынша арнайы тағылымдамадан өткен. 2013 жылы Асылбек Қожахметов «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасының стипендиаты атанып, Беркли университетінің (Калифорния) Хаас бизнес мектебінде ғылыми тағылымдамадан өтті. Қазақстандық және солтүстік америкалық журналдарда жарияланған менеджмент және білімді дамыту бойынша 70-тен астам мақаланың авторы. 1980 жылдары ҚазҰУ-да Механика кафедрасының оқытушысы болды. Тоқсаныншы жылдардың басында Алматы менеджерлер мектебін құрды. Бұл мектеп кейін үлкен Бизнес академиясына айналды.

АҚШ профессоры ҚазҰУ-да зерттеу жүргізуде

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Массачусетс университеті Дартмут колледжінің профессоры Дилшод Ачиловпен кездесу өткізді.



Тараптар ҚазҰУ мен Массачусетс университеті арасындағы ынтымақтастықты арттыру мәселелерін талқылады. Кездесу барысында білім ордасының ректоры Жансейіт Түймебаев Дилшод Ачиловке университеттің соңғы жетістіктері мен алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар туралы ақпарат берді.

Жүздесу соңында тараптар ізгі тілектер мен естелік сыйлықтармен алмасты.

Айта кетейік, PhD, профессор Дилшод Ачилов ҚазҰУ-ға арнайы АҚШ-тан келген. Ол философия және саясаттану факультетінде студенттерге сабақ беріп, зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Ұлттық зерттеу ядролық университеті – МИФИ делегациясы арнайы жұмыс сапарымен келді. Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Ресей Федерациясынан келген меймандарды қарсы алып, кездесу өткізді. Тараптар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында Мәскеу инженерлік-физика институтының филиалын ашу жөніндегі мәселелерді талқылады.

МИФИ филиалын ашу жұмыстары басталды



Жүздесу барысында Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың ресейлік жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс жасаудағы тәжірибесі мол екенін айтты. «Бүгінгі таңда Ресей Федерациясының жетекші университеттерімен және институттарымен ынтымақтастық туралы 150-ден астам келісімге қол қойылды. Соның арқасында түрлі білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобалары сәтті жүзеге асып келеді. Бүгінде біздің білім ордамызда Мәскеу инженерлік-физика институтының филиалы ашылғалы жатыр. Бұл жұмыстар білікті және білімді мамандарды даярлауға сеп болады», – деді университет ректоры.

Сонымен қатар ресейлік әріптестер ҚазҰУ базасында МИФИ филиалын ашу арқылы ынтымақтастықты нығайтуға және ядролық физика, лазерлік және плаз-

малық технологиялар, атом энергетикасы, нанотехнологиялар бағыты бойынша мамандарды әзірлеуге бірлесіп жұмыс жүргізуге дайын екендерін жеткізді.

Өз кезегінде Мәскеу инженерлік-физикалық институтының проректоры Дмитрий Савкин жылы қабылдағаны үшін университет басшылығына алғысын білдірді. «Бүкіл әлемге танымал Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келгеніміз үшін қуаныштымыз. Біз Қазақстанда филиалды ашу үшін кез келген көмекті көрсетуге дайынбыз. ҰЗЯУ – МИФИ Ресейдің үздік бес университетінің қатарына кіреді. Шетелдерде филиал ашуда тәжірибеміз мол. Сол себептен жұмыстарды бірлесіп атқару қажет», – деді.

Ресейден арнайы келген делегация МИФИ филиалы орналасатын оқу ғимараттарын аралап, заңнамалық тұрғыдағы мәселелерді талқылап, шешетін болады.

Үздік ғалымдар құрметке лайық

12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күні. ҚазҰУ-да ғылым саласының әлеуеті зор. Осы орайда, Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті жариялаған «Үздік ғылыми қызметкер – 2021» республикалық байқауының қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жеті ғалымы үздік деп танылғаны есімізде. Олардың қатарында Қуантай Бошқаев, Қайрат Дәулетов, Асқар Дәулетов, Гүлнафис Әбдікєрова, Ләззат Спанқұлова, Гүлдана Қуанәлиева және Әлібек Исақовтар бар. Біз мерекеге орай, үздік деп танылған ғылыми қызметкерлерді оқырмандармен жақынырақ таныстыруды жөн санадық.

Қуантай БОШҚАЕВ – PhD, физика-техникалық факультетінің профессоры және ЭТФҒЗИ бас ғылыми қызметкері. Көпшілікке белгілі болғандай, оқу саласында – «ЖОО үздік оқытушысы – 2015», ал ғылыми зерттеу саласында жоғары жетістіктері үшін «Үздік ғылыми қызметкер – 2021» марапаты берілген-ді. Қ.Бошқаевтың ғылыми зерттеулері – компакт объектілер физикасы, А.Эйнштейннің жалпы салыстырмалық теориясы, релятивистік астрофизика саласындағы ізденістерінен тұрады. «Біз ақ ергежейлі жұлдыздардың қасиеттерін, олардың массасы, радиусы және басқа да ядролық құрамын, айналма әсерін зерттейміз. Ақ ергежейлі жұлдыздардың эволюциясын түсіндіруде балама теориялық жұмыстармен айналысамыз. Нейтрондық жұлдыздардың гамма жарылыстарда алатын негізгі рөлін түсіндіреміз. Қара құрдымдар физикасында да жаңалығымыз бар: қараңғы материя мен қара құрдым өзара біртұтас жүйені құрғанда айналасындағы аккрециялық дисктің физикалық қасиеттерін өзгертіп жіберетінін жан-жақты қарастырдық. Космология – әлемнің пайда болуы және дамуы жайлы теория саласында да тың жаңалықтарымыз бар. Ғылыми әде-



биетте кездесетін бірнеше балама модельдерге қосымша өзіміз жаңа теорияны ұсындық. Бұл теория бойынша қараңғы материя мен қараңғы энергия, әлемнің массалық қорының 95-96 пайызын құрастыратын физикалық ұғымдардың бір-бірімен тікелей байланысты екенін айғақтаудамыз», – деп сөзін түйіндеді ғалым.

Ол өз саласының жоғары білікті маманы және осы бағыт бойынша Қазақстан Республикасының шетелде жоғары сілтеме жасаған ғалымдарының қатарында. Қазақ тілінде төрт оқу құралының және ағылшын тіліндегі бір монографияның бірлескен авторы.

Қайрат ДӘУЛЕТОВ – медицина ғылымының кандидаты, PhD докторы. Ол 60-тан астам халықаралық жарияланымдардың, оның ішінде: New England Journal of Medicine, The Lancet, Journal of American Medical Association, Nature, British Medical Journal және басқа да көптеген беделді халықаралық журналдардың бірлескен авторы. Ол Scopus 38 базасы бойынша Хирш индексімен Қазақстанның ең дәйексөзді ғалымдары санатында. Жергілікті бас зерттеуші ретінде АҚШ-тың Питтсбург университетімен бірлесіп Ұлттық денсаулық институтының грантына дайындау бастамасын көтерген.

– Мені жиі мазалайтын ой мынау: «Неге Қазақстанда жүректан тамырлары ауруларынан мезгілсіз көп адам қайтыс болады?» 2016 жылғы конференциялардың бірінде «Аурулардың жаһандық ауыртпалығы» жобасының үйлестірушісі, Вашингтон университетінің ғалымы, эпидемиологиялық зерттеудің әлемдегі жетекші сарапшыларының бірі Грегори Ротпен кездестім. Түскі ас кезінде оған жақындап: «Мен Қазақстаннанмын, сізбен бірге жұмыс істегім келеді», – дедім. Оған біздің ісіміз бен жобамыз туралы айта бастағаннан кейін, ол тамағын бір шетке ысырып, мені мұқият тыңдай бастады. Көрдiңiз бе, олар біздің дерек-дәйектерге кейде бізден де көбірек мұқтаж келеді. Соңғы уақытқа дейін біз жұқпа-



лы емес ауруларды зерттеу бойынша назардан тыс қалып қойғанбыз. Біз өз жұмысымызды өнімді атқару арқылы дүниежүзінің эпидемиологиялық картасына жаңа деректер мен зерттеулерді енгіземіз деп сенемін, – дейді ол.

Жергілікті бас зерттеуші ретінде Қазақстандағы бірнеше халықаралық орталықтағы жобаларды басқарады. ДДСҰ Еуропа аймағы директорының ұсынысымен Scientific Advisory Board for Pan-European Commission on Health and Development ұйымының мүшесі ретінде қабылданды, яғни Еуропаның 20 жетекші ғалымының бірі болып табылады.

Қайрат Дәулетов «Үздік ғылыми қызметкер – 2021» сыйлығымен қатар, «Ғылым көшбасшысы – 2018» марапатының да иегері атанған.

Ләззат СПАНҚҰЛОВА – экономика ғылымының докторы. Ғалымның «Елдің бәсекеге қабілеттілігі мен ұлт денсаулығы», «Денсаулық экономикасы: жаһандық тәсілдеме», «Халық денсаулығы экономикасы» сынды еңбектері бар. «Экономиканың математикалық және инструментальді әдістері» бағыты бойынша маманданған, сондай-ақ гуманитарлық білімнің түрлі салаларындағы еңбектердің авторы. Белсенді түрде ғылыми-педагогикалық, еңбек қызметін атқарып келеді. Ғалым «Үздік ғылыми қызметкер – 2021» марапатымен қатар, «2010 жылдың үздік ЖОО оқытушысы» мемлекеттік грантының, «Үздік ЖОО оқытушысы» ҚР БҒМ төсбелгісінің және «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үздік оқытушысы» төсбелгісінің иегері атанған. Д.Джон



және Т.Кэтрин Макауртурлар, Егор Гайдар (Мәскеу, Ресей), HESR, Макс Планк қоғамының демографиялық зерттеулер институты (Германия) секілді ха-

лықаралық ғылыми қорлардың грант иегері.

Макроэкономика саласы бойынша «Еліміздің бәсекеге қабілеттілігі және ұлт саулығы», «Денсаулық экономикасы: ғаламдық тұжырым» тақырыптарын зерттеумен шұғылданып жүрген экономист-ғалым Ләззат Спанқұлова адам интеллектуалды қызметпен айналысқан сайын, өмір жасы да ұзағырақ болатынын баса назарға алды.

– Ұзақ өмір сүрудің тағы бір құпиясы – ананың сәбиді өмірге әкелу жасы мен білімділігіне де байланысты. Ұзақ өмір сүру құпиясының 30 пайызы ғана медицина саласына тиесілі, ал қалған 70 пайызы таза экономикаға тәуелді, – дейді ұлт денсаулығы мен орташа өмір сүру ұзақтығын зерттеген ғалым.



Асқар ДӘУЛЕТОВ – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, физика-техникалық факультетінің деканы және ЭТФҒЗИ бас ғылыми қызметкері.

Асқар Дәулетов идеалды емес плазма физикасы саласының жоғары білікті маманы және шетелдерде есімі жиі аталатын ғалымдардың қатарында. Ол 1998 жылдан бастап плазма тәрзідес ортаның әртүрлі типтерінің қасиеттерін сипаттауға арналған біртұтас модель жұмыстарының циклін жүргізген. Плазма параметрлеріндегі өзгерістің кең диапазонды әртүрлі қасиеттерін сипаттауда эксперименттің бірыңғай моделін құруға себепші болған.

Академик 2009 жылдан бастап физика пәні бойынша ҚР оқушылар құрама командасының ғылыми жетекшісі. Авторлық дайындау әдістемесі бойынша шәкірттерінің сол кезеңде ең беделді халықаралық олимпиадаларда 70-тен астам алтын, күміс және қола медальдарды жеңіп алуына мұрындық болған.

Ғылым мен білімнің дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Асқар Дәулетов 2014 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен, ал 2018 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған. Ол оқыту саласында «ЖОО үздік оқытушысы – 2013», ал ғылыми зерттеу саласы бойынша «Үздік ғылыми қызметкер – 2021» атанды.

Гүлнафис ӘБДІКЕРОВА – Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры. Ол тұлғаның әлеуметтенуі, әлеуметтік процестерді модельдеу, әлеуметтік болжау, қоғамның трансформациясы, модернизациясы ерекшеліктерін зерттеумен айналысады. 250-ден астам ғылыми жұмыстың авторы, 10-нан астам ғылыми жобаның қатысушысы. Мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша аударылған ғылыми жұмыстарға эксперт, ғылыми редактор ретінде де қатысқан (2018-2020 жж.).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы «Үздік ғылыми қызметкер» мемлекеттік сыйлығының иегері. Ғалым бұл марапатқа ие болуына ғылыми жобаларға жетекшілік еткен жұмыстарының орны ерекше екенін атап өтті. Оның үздік атануына әсер еткен 2015-2017 жылдарындағы «Жоғары білім беру жүйесі мен жұмыс берушілер интеграциясы» тақырыбындағы жобаның жетекшісі ретінде атқарған ғылыми



жұмыстары, авторлық курстары, күәліктері мен монографиялық зерттеулері болғанын атап өтті. Бұл конкурста 2016-2021 жылдар аралығында жарық көрген ғылыми нәтижелері есепке алынған. Ғылыми мақалаларды жазудағы автордың жеке үлесі аса маңызды. Ғалым атқарылған ғылыми іс-шараларды дәлелді түрде, барлық талаптарға сай дұрыс толтыруға аса мән беру керектігін тілге тиек етті.

Гүлдана ҚУАНӘЛИЕВА – Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, заң ғылымының докторы. Ол Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті сараптамалық кеңесінің және Қазақстан заңгерлер одағының мүшесі. Г.Қуанәлиева 150-ден астам ғылыми еңбектің, соның ішінде жеке және ұжымдық оқулықтардың, монографиялардың және жаппай онлайн курстардың авторы. Негізгі еңбектері: «Қылмыстық құқық». Оқулық (2003, 2004 жж., бірлескен авторлар), «Қылмыстық құқықтағы себеп байланыс мәселелері» монографиясы (2013 ж.), «Қаржы құқығы: орыс-ағылшын-қазақша түсіндірме сөздігі» (2015 ж.), «Қазақстан Республикасының қаржылық құқығы» оқу құралы (2018 ж. бірлескен авторлар) және т.б. кітаптары жарық көрді.

Университеттегі еңбек жолы барысында ғалым өзін жоғары дәрежелі кәсіби маман ретінде



көрсете білді. Ол өз саласын інідете зерттеп, көптеген жаңалықтар ашу арқылы біршама табыстарға кенелді. Мәселен, әлеуметтік ғылымдар саласындағы 2021 жылдың «Үздік ғылыми қызметкері», 2008-2009 оқу жылында ҚазҰУ-дың «Үздік оқытушы» марапаттарына ие болса, 2016 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанған.

Крупнейшее научно-образовательное мероприятия IV Международного онлайн-фестиваля, который продлится 10 дней, с 12 по 22 апреля, соберет лауреатов Нобелевской премии, мировых звезд науки, инноваторов, визионеров и бизнес-спикеров. В этом году Нобелевский фестиваль пройдет одновременно в Казахстане, Узбекистане, Азербайджане, Грузии, Китае и Саудовской Аравии на 8 языках, включая казахский, узбекский, азербайджанский, грузинский, арабский, китайский, русский и английский. Тема этого года — «Мир экспоненциальных инноваций».

IV Нобелевский фестиваль посвящен моделированию новой модели экономики, развитию искусственного интеллекта, гонке за нулевыми выбросами и жизни в цифровой метавселенной. Ведущие эксперты ответят интересные для молодежи вопросы: Какие навыки нужно развивать чтобы быть конкурентоспособным на рынке труда? Как запускать и развивать свои стартап проекты? Что такое NFT, и как развивается блокчейн-индустрия? Когда мы сможем жить на других планетах? Что такое Экспоненциальные инновации и почему они подрывают целые индустрии?

Новые технологии важно не только знать, но и уметь применять в практике в условиях растущей конкуренции. Подобные знания сейчас дают в крупнейших университетах мира, например, Лиги Плюща, но к сожалению, не все могут получить эти знания, потому что курс обучения в лиге стоит порядка 80 тысяч долларов и больше. Впервые в Казахстане подобные знания могут получить студенты отечественных ВУЗов, а также предприниматели, экономисты, ученые, в общем все те, кто интересуется современными технологиями и разработками. Уникальную возможность предоставит Нобелевский фестиваль. Это праздник науки, который ежегодно дарит аудитории

Нобелевский фестиваль во имя мира и инноваций в Казахстане

из Центральной Азии лекции Нобелевских лауреатов, а также самых знаменитых ученых со всего мира. Сегодня, по-настоящему качественное образование доступно только узкому кругу исследователей и студентам высококлассных университетов. Поэтому в рамках Нобелевского фестиваля также пройдет неделя Нобелевских лекций, которая даст уникальную возможность послушать лекции 15 лауреатов Нобелевской премии и обладателей премии «Прорыв», престижной премии в области инноваций с призовым фондом в размере \$3 миллионов. Лекции пройдут онлайн и будут доступны бесплатно для всех желающих только с 18 по 22 апреля.

На фестивале выступят и поделятся своими уникальными знаниями мировые звезды науки и бизнеса: Хосе Мануэль Баррозу, лауреат Нобелевской премии мира, председатель Глобального Альянса по Вакцинам и Иммунизации, президент Европейской Комиссии (2004–2014 гг.), бывший премьер-министр Португалии; Джордж Черч, отец синте-

тической биологии, профессор генетики Гарвардской Школы Медицины, самый влиятельный генетик нашего времени, открывший способ хранить всю информацию о нашей жизни в ДНК; Такааки Кадзита, лауреат Нобелевской премии по физике 2015 года, чье открытие положило начало созданию кванто-

зарегистрироваться на сайте Нобелевского фестиваля <https://courses.nobel-fest.org/> или подписаться на официальный аккаунт в инстаграмме - nobel_fest. К тому же всем студентам Казахстана Нобелевский фестиваль предоставляет доступ к первой неделе курса по экспоненциальным технологиям совершенно бес-

эксклюзивных лекциях Нобелевских лауреатов, такое сотрудничество не только позволяет нам быть в авангарде развития науки, но и укрепляет позиции университетов в мировых рейтингах как учебных заведений, следующих новейшим тенденциям в образовании. Миссия Нобелевского фестиваля — сделать ка-



вых компьютеров, которые отныне станут самыми мощными компьютерами в истории; Робот София, самый известный робот-гуманоид с искусственным интеллектом, разработанный Hanson Robotics и получившая гражданство Саудовской Аравии и др.

Пройти курс казахстанские слушатели смогут без отрыва от работы и учебы. Для этого нужно

платно. Участие в Нобелевском фестивале по традиции также бесплатное, помимо этого все слушатели получают специальную скидку на курсы.

Сегодня Нобелевский фестиваль как праздник науки объединяет более 500 университетов и 300 000 участников из 155 стран мира. Университеты-партнеры Nobel Fest имеют уникальную возможность участвовать в

чественное образование доступным в любом уголке мира и повысить качество знаний в университетах. Поэтому Нобелевский фестиваль является некоммерческим проектом со свободным бесплатным участием, а его основным организатором выступает Фонд инклюзивного развития. Все студенты и участники, пришедшие на Нобелевский фестиваль получат бесплатный сертификат об участии, который в будущем можно будет указать в резюме или LinkedIn, социальной сети для поиска и установления деловых контактов для того, чтобы укрепить свою конкурентоспособную позицию на рынках труда и науки. Особым подарком для всех университетов и студентов-участников фестиваля станет неделя бесплатных занятий от профессора Гарвардского университета. Генеральным медиа партнером Nobel Fest является Республиканская просветительская общественно-политическая газета «Билимди ел».

Кайржан ТУРЕЖАНОВ

Мечтай о большем, небо не предел!

Освоение космоса и развитие космической техники представляют собой совершенно новую и чрезвычайно специфичную сферу человеческой деятельности. Космическая деятельность государств затрагивает интересы буквально всех стран в силу своего глобального характера. Космическое пространство отличается от сухопутной территории, моря и воздушного пространства тем, что оно не поддается разделению на какие-либо зоны в процессе его использования государствами. Находясь в полете, космические аппараты по мере удаления от Земли неизбежно проходят через все слои космического пространства, а орбиты их движения пролегают над многими территориями различных государств. Это происходит как в силу закономерностей самого космического полета, так и по причине вращения Земли вокруг собственной оси. Сегодня уже ясно, что приближается время, когда космическая техника создаст новые, сверхбыстрые средства транспорта, будет использоваться для изучения земных недр и, наконец, для проникновения человека на другие планеты. Сбываются пророческие слова великого русского ученого К.Э.Циолковского о том, что человек постепенно завоевывает себе все околосолнечное пространство.

Космическая деятельность

относится к наиболее сложным видам деятельности, а ее ярко выраженная ориентация на широкое международное сотрудничество вносит существенный вклад в мировые процессы. Казахстан обладает большими возможностями для успешного развития космической деятельности с учетом меняющихся условий как внутри страны, так и на мировой арене. Уникальный потенциал космической техники, космических комплексов и участие в международном сотрудничестве по исследованию и практическому использованию космического производства в сочетании с космической инфраструктурой и высококвалифицированными кадрами составляют тот надежный фундамент, который может существенно укрепить позиции Казахстана в мировой космонавтике. Первый и крупнейший в мире, самый востребованный космодром «Байконур», который является уникальным сооружением и не имеет аналогов в мире, находится в Казахстане. Наличие космодрома говорит о развитости государства и поднимает его авторитет на международной арене.

Международное сотрудничество в области космической деятельности для Казахстана является очень важным, т. к. в перспективе перед страной стоит множество мероприятий по развитию космической отрасли рес-



публики, для этого государством выделяются определенные дотации. В республике ведется целенаправленная работа по развитию космической деятельности. Идет успешная разработка конкурентоспособных космических технологий в интересах Казахстана. Разрабатывается долгосрочная программа развития космической деятельности в Казахстане. Для дальнейшего успешного развития космической деятельности необходимы высококвалифицированные специалисты.

Казахский Национальный Университет им. Аль-Фараби вносит свой вклад в исследования космической сферы и подготовку специалистов в области космических исследований, разработав с UniSat, специальный проект для девушек (Unisat Nano-Satellite Educational Programme for Girls). С 21 марта по 31 марта 2022 года

более 150 девушек из Казахстана, Кыргызстана и Узбекистана, участницы образовательной программы UniSat собирали, проектировали и запустили три ультрасовременных наноспутника в стратосферу. UniSat — это образовательная программа, созданная ЮНИСЕФ совместно с «Научно-технологическим парком» Казахского Национального Университета им. Аль-Фараби с целью развития у девушек знаний в области разработки наноспутников, а также улучшение навыков командной работы, публичных выступлений и эффективного управления временем. Темирбаев Амирхан Адилханович, выступая перед участницами проекта, подчеркнул важность этого проекта и выразил надежду, что этот совместный проект будет способствовать дальнейшему развитию STEM образованию для девушек

в Казахстане и станет примером для трансформации опыта в другие страны.

В рамках 10-дневного практического марафона UniSat участницы осваивали проектирование, дизайн, программирование и сборку космических аппаратов. Они смогли посетить центр космических технологий и дистанционного зондирования Земли. Под руководством менторов девушки спроектировали корпус наноспутников при помощи 3D-моделирования и напечатали их на 3D принтере. Также участницы самостоятельно запрограммировали подсистемы наноспутников UniSat и протестировали их в лабораторных условиях перед запуском.

«Сегодняшний запуск символичен. Он демонстрирует безграничный потенциал девушек и женщин Центральной Азии. Их способности расширить границы науки и техники. Мы верим, что результаты программы UniSAT позволят достичь космических изменений в обществе», — прокомментировал участие девушек из разных стран в международном проекте Артур ван Дизен, Представитель ЮНИСЕФ в Казахстане.

Программа UniSat реализуется при поддержке международного образовательного фонда «Dubai Cares», бренда Clé de Peau Beauté и филантропа г-жи Назанин Алакини.

Дана БАЙТУКАЕВА,
амбассадор проекта UniSat,
старший преподаватель
кафедры международного
права факультета
международных отношений
КазНУ им. Аль-Фараби

Көрнекті ғалым құрметіне ескерткіш тақта орнатылды

Алматыда көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Құлжабай Қасымовтың құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның ашылуы өтті.



Ескерткіш белгі ғалым отыз жылдан астам уақыт тұрған Әл-Фараби даңғылы бойындағы №63/17 үйдің қабырғасына орнатылды.

Ашылу салтанатына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, ғалымның туыстары, достары, әріптестері, шәкірттері, сондай-ақ қала әкімдігінің өкілдері мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Құттықтау сөзінде Жансейіт Қансейітұлы Құлжабай Қасымовтың өз ісіне адал, математиканың дамуына үлкен үлес қосқан нағыз маман екенін атап өтті. «Құлжабай Әбдіқалықұлы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлегі. Оның ғылымға деген құштарлығы университет қабырғасында байқалған. Студент

кезінде матрицалық алгебраның сызықтық теңдеулер жүйесін шешудің тиімді әдістерін жасауға байланысты ғылыми мәселелермен айналысты. Бұл зерттеулер кейін оның дипломдық жұмысының негізін қалады. Ғалым өз өмірінде математикадан ондаған еңбектер жазды, көптеген шәкірттерді тәрбиеледі», – деп атап өтті университет ректоры.

Құлжабай Қасымов дифференциалдық теңдеулер бойынша жетекші ғалымдардың бірі болды. Қайраткер тұлғаның қаламынан 200-ден астам ғылыми жұмыс, оның ішінде бес монография және қазақ тіліндегі «Жоғары математика» курсының үш томы шыққан. Ғалымның жетекшілігімен 52 кандидаттық және үш докторлық диссертация қорғалды. «Ыбырай Алтынсарин» медалімен, ағарту және педагогикалық ғылым саласындағы ерекше еңбегі үшін «Құрмет» орденімен марапатталған.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Алматыда жалпықалалық сенбілік өтті. Тазалық шарасына Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы да белсенді қатысып, бір кісідей атсалысты.

Сенбілікте студенттер қалашығы тазартылды



Білім ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттері қалашық аумағында тазалық жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде университет аумағындағы қоқыстар жиналып, ағаш түптері ағартылды.

Сонымен қатар әр факультеттің студенттері өздерінің оқу корпустары мен жатақханаларының айналасында тазалық жұмыстарын ұйымдастырды.

Сенбілікке 10-ға жуық техника жұмылдырылды.

Айта кетейік, тазалық жұмыстары «Birge – таза Qazaqstan» республикалық акциясы аясында өтіп жатыр. Жалпықалалық сенбілікке коммуналдық қызметтердің 2000-нан астам қызметкері мен 400-ден астам арнайы техникасы жұмылдырылған болатын. Тазалық шарасы сағат 09:00-де басталып, 12:00-ге дейін жалғасты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Кәмила ДҮЙСЕН, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІ!

«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: 64787

• Бұдан былай газетіміз республика көлемінде таратылады. Енді газетке шыққан әрбір мақала, сұхбат, ғылыми жаңалықтар мен білім саласындағы тың ақпаратпен еліміздің түкпір-түкпіріндегі оқырмандар да таныса алады.

• Ендеше мүмкіндіктен құр қалмаңыз. Сіз де біздің газетке жазылып, өз мақалаңызды ұсына аласыз. Сонымен қатар газетке оқытушылар мен студенттер де материалдарын жариялай алады.

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1251,42 теңге	1363,14 теңге
12 айға	2502,84 теңге	2726,28 теңге

Біздің оқырман



Дәулет ТҮРЛЫҚАНОВ,

КСРО және Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Суретті түсірген – Марат Жүнісбеков